

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Үржар ауданы Көктал ауылдық округінің Шолпан участкесіндегі "Ақбота" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы"  
Көктал ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 1 шешімінің күші  
жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көктал ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 мамырда № 5984 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң                    е ск е р т п е с і .**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Үржар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2019 жылғы 21 мамырдағы № 113 ұсынысы негізінде Көктал ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Иттен құтырық ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты, Үржар ауданы Көктал ауылдық округінің Шолпан участкесіндегі "Ақбота" шаруа қожалығында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Көктал ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 1 "Үржар ауданы Көктал ауылдық округінің Шолпан участкесіндегі "Ақбота" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5850 тіркелген, 2019 жылдың 22 сәуірінде "Уақыт тынысы" газетінде және 2019 жылдың 15 сәуірінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көктал ауылдық округі Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жолдансын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспана басылымдарында ресми жариялауға жолдансын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Үржар ауданы әкімдігінің интернет ресурстарында орналастыруын қамтамасыз етсін;

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көктал ауылдық округінің әкімі*

*H. Садвакасов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК